

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 1-ші беті |

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Пән: «Микробиология, вирусология және паразитология».

Пән коды: MVP 2208

Мамандық : 6B10111 «Қоғамдық денсаулық»

Оқу сағатының көлемі / кредиттың көлусы: 150 сағат (5 кредит)

Курс - 2, оку семестрі – IV

Тәжірибелік (семинарлық) сабактар: 35 сағат


Шымкент 2024ж

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 2-ші беті |

Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулық «Микробиология, вирусология және паразитология» пәнінің жұмыс оку бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра отырысында талқыланды.

Хаттама № 10a « 05 » 06 2024 ж.

Кафедра менгеришісі, м.ғ.д., профессор Сейтханова Б.Т.



| | |
|--|--|
| ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелі сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 3-ші беті |

№1 сабак

- 1. Тақырыбы:** Иммунитет. Тұрақтылықтың бейспецификалық факторлары.
- 2. Мақсаты:** Қорғаудың бейспецификалық факторларын анықтау әдістерін және микроорганизмдердің иммунологиялық статусын бағалау әдістерін менгеру.
- 3. Оқыту міндеттері:** Фагоцитарлық көсеткіш пен опсонофагоцитарлық индексті анықтау әдістерін үйрету. Табиғи иммунитеттің гуморальдік факторларына сипаттама беру. Адам иммунитетінің Т және В-жүйелерін анықтау әдістерімен таныстыру.
- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 - 1.«Иммунитет» деген түсінікке анықтама беріңіз, иммунитеттің негізгі қызметі.
 - 2.Иммунитетің түрлері.
 - 3.Түрлік иммунитеттің механизмдері.
 - 4.Бейспецификалық иммунитеттің гуморальдік факторлары. Лизоцим. Жедел фазалық ақуыздар.
 - 5.Бейспецификалық иммунитеттің жасушалық факторлары. Табиғи киллерлер.
 - 6.“Фагоцитоз” ұғымына анықтама беріңіз. Фагоциттерге жататын жасушалар, оның қазметтері.
 - 7.Фагоцитоздың негізгі сатыларын атап шығыңыз.
 - 8.Аяқталған және аяқталмаған фагоцитозға мінездеме беріңіз, олардың салдары.
 - 9.Фагоцитоздың таныстыруышы және секреторлық қызметтері.
 10. Фагоцитарлық көсеткіштердің анықтамасы, опсонин және опсонизация реакциялары.
 11. Комплмент жүйесі. Комплмент жүйесінің активациясы.
 12. Комплмент жүйесінің қызметі.
 13. Интерферон жүйесі.
 14. Адамның иммунды жүйесі диффузды мүше ретінде.
 15. Иммундық жүйе жасушалары.

5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі түрі/әдістері/технологиялары: постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдайлық есептерді шешу, жұмыс дәптерін толтыру.

6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: чек-парақ бойынша бағалау.

7. Әдебиет:

Қосынша№1

8. Бақылау:

Тесттер:

- 1.Нысана-жасушаларды бұзатын цитоцитті жасушалар:
 А)Т-хелперлер
 В)Т-киллерлер
 С)Т-эфекторлар
 Д)Т-супрессорлар
 Е)В-лимфоциттер
- 2.Антимикробы қасиеттерге ие терінің май және тер бездерінің әр түрлі қышқылдары ... қорғаныс факторы болып табылады.
 А)биологиялық
 В)имmunологиялық
 С)физико-химиялық
 Д)механикалық
 Е)спецификалық

| | |
|--|---|
| <p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ АҚ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> |
| <p>Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология»</p> <p>Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p> | <p>43 беттің 4-ші беті</p> |

3. Қоздырғыштар көбеюіне ықпал жасайтын метаболиттер үшін микроорганизмдермен бәсекеге түсетін гуморальды фактор:

- A) интерферон
- B) В-лизин
- C) трансферрин
- D) фибронектин
- E) комплемент

4. Микроорганизмдердің беттік қабатымен әрекеттесіп, фагацитозға ықпал еткізіп, опсониндер рөлін атқаратын гуморальды фактор:

- A) В-лизин
- B) фибронектин
- C) трансферрин
- D) комплемент
- E) интерферон

5. Бөтен жасушаларға қарсы цитотоксикалық қасиеті бар үлкен түйіршікті лимфоциттер:

- A) моноциттер
- B) лейкоциттер
- C) табиғи киллерлер
- D) Т-киллерлер
- E) тромбоциттер

6. Микроорганизмдерді қармап, қорытатын, шығу тегі мезодермалық жасушалар:

- A) фагоциттер
- B) эритроциттер
- C) тромбоциттер
- D) Т-супрессор
- E) Т-хелперлер

7. Ағзаның спецификалық емес резистенттілігіндегі гуморальды факторы:

- A) микрофагтар
- B) пропердин ақуызы
- C) Т-киллерлер
- D) асқазан сөлінің тұз қышқылы
- E) макрофагтар

8. Иммунды және иммунды емес сарысуладың фагоцитарлы көрсеткішінің ара қатынасы ... индекс деп аталады.

- A) лейкоцитарлы
- B) фагоцитарлы
- C) опсонды
- D) опсонды-фагоцитарлы
- E) лимфоцитарлы

9. Бір-бірімен белгілі бір кезектестікте әрекеттесетін қан сарысу ақындарының курделі кешені.

- A) трансферрин
- B) В-лизин
- C) комплемент
- D) фибронектин
- E) интерферон

10. Көбінесе сілекей мен жаста кездесетін, макрофагтар өндіретін биологиялық белсенді заттар:

| | | |
|---|--|---|
| <p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>— 1979 —</p> | <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> |
| <p>Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология»</p> <p>Тәжірбелі сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p> | | 43 беттің 5-ші беті |

- A) иммуноглобулиныдер
- B) пероксидаза
- C) интерлейкиндер
- D) комплемент ақуыздары
- E) лизоцим

№2 сабак

- 1. Тақырыбы:** Иммунитеттің спецификалық факторлары. Антигендер және антиденелер.
- 2. Мақсаты:** Иммунит факторларын зерттеу және адам ағзасының иммундық статусын бағалау.
- 3. Оқыту міндеттері:** Адам иммунитетінің Т және В жүйелерін бағалау әдістеріне түсінік беру.
- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 1. “Антиген” түсінігіне анықтама беріңіз және оның негізгі қасиеттерін атаңыз.
 2. Антигендердің жіктелуі.
 3. Толық емес антигендер.
 4. Адам ағзасының антигендері.
 5. Антигендер ұлпалық сәйкестіктің негізгі комплексі.
 6. Микроагзалардың антигендері.
 7. Антидене түсінігіне анықтама беріңіз, оның қызметін атаңыз.
 8. Антидене не болмаса иммуноглобулиндердің химиялық табиғаты және құрылымы.
 9. Иммуноглобулиныдер класы, олардың сипаттамасы, айырмашылығы мен ерекшеліктері.
 10. Антиглобулинді антиденелер.
 11. Антиидиотиптік антиденелер.
 12. Иммунологиялық есте сақтау
 13. Иммунологиялық толеранттық.
- 5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі түрі/әдістері/технологиялары:** постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдайлық есептерді шешу, жұмыс дәптерін толтыру.
- 6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауга арналған бақылау түрлері:** чек-парақ бойынша бағалау.
- 7. Эдебиет:**
Қосынша №1
- 8. Бақылау:**
- Тесттер:**
 1. Антигендермен байланыста бөлшектердің конгломераттарға біріктіруге қабілетсіз антиденелер
 - A) қалыпты
 - B) абзимдер
 - C) поликланальды
 - D) толық емес
 - E) монокланальды
 2. Моно-детерминант антигенмен иммундаудан кейін жасушалар жиынтығы синтезделген иммуноглобулиныдер пулында кездесетін антиденелер
 - A) қалыпты
 - B) толық емес

| | |
|---|---|
| <p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ АҚ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> |
| <p>Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология»</p> <p>Тәжірбелі сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p> | <p>43 беттің 6-ші беті</p> |

- C) поликланальды
 Д) абзимдер
 Е) монокланальды
3. Қан сарысында және жоғарғы шырышты қабығында жасырын түрде кездесетін иммуноглобулиндер келесі сыныпқа жатады
- A) IgG
 B) Ig A
 C) Ig M
 Д) Ig D
 E) Ig E
4. Гуморальды және жасушалық иммунитеттің дамуына кедергі келтіретін лифоциттер
- A) Т-супрессорлар
 B) Т-хелпер
 C) Т-киллерлер
 Д) Т-эфекторлар
 Е) В-лифоциттер
5. Мақсатты жасушаларды бұзатын цитоцидті жасушалар
- A) Т-хелперлер
 B) Т-киллерлер
 C) Т-эфекторлар
 Д) Т-супрессорлар
 Е) В-лимфоциттер
6. Әр түрлі жануарлардың түрлерінде кездесетін жалпы антигендер
- A) жарты гаптендер
 B) гаптендер
 C) гетероантигендер
 Д) прогаптендер
 Е) аллоантигендер
7. Бір ғана түрдің ішінде кездесетін әр түрлі антигендер
- A) проантигендер
 B) жарты гаптендер
 C) аллоантигендер
 Д) гетероантигендер
 Е) гаптендер
8. АВО жүйесіндегі қан тобы және резусантиген
- A) аллоантигендер
 B) жарты антигендер
 C) проантигендер
 Д) гетероантигендер
 Е) гаптендер
9. Адам тіндері тін антигендерінің абсолютті даралығымен сипатталады, бұл антигендер жатады
- A) жарты гаптендерге
 B) аллоантигендерге
 C) проантигендерге
 Д) гаптендерге
 Е) гетероантигендерге

| | |
|--|---|
| <p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> |
| <p>Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология»</p> <p>Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p> | <p>43 беттің 7-ші беті</p> |

10. Иммунологиялық реакцияның жергілікті жауабы ұзаққа созылған гаптендермен байланысы
- A) иммунологиялық төзімділік
 B) иммунологиялық жады
 C) екіншілік жауап
 D) атопия
 E) біріншілік жауап

№3 сабак

- 1. Тақырыбы:** Серологиялық реакциялар.
- 2. Мақсаты:** Инфекциялық ауруларды серологиялық диагностикалау әдістерін менгеру.
- 3. Оқыту мақсаты:** Иммунологиялық реакциялар типтеріне сипаттама беру.
- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 - Серологиялық немесе иммунологиялық раекциялар, оларды медицинада тәжірибе жүзінде қолдану.
 - Серологиялық раекциялардың топтары.
 - Агглютинация реакциясы.
 - Тіклей емес, немесе пассивті агглютинация реакциялары (ПАГР).
 - Преципитация реакциясы.
 - Иммунодиффузия.
 - Иммуноэлектрофорез (ИЭФ).
 - Иммуноблотинг.
 - Кумбс реакциясы (антителобулиндік тест).
 - Флокуляция және нейтрализация реакциясы.
 - Тежелген гемагглютинация реакциясы.
 - Комплемент байланыстар реакциясы (КБР).
 - Иммундық лизис, гемолиз және иммобилизация реакциялары.
 - Опсонофагоцитарлық реакция.
 - Таңбалы антигендермен және антиденелермен жүретін реакция.
- 5. Пәннің сонғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі түрі/әдістері/технологиялары:** постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдайлық есептерді шешу, жұмыс дәптерін толтыру.
- 6. Пәннің сонғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері:** чек-парақ бойынша бағалау.
- 7. Әдебиет:**
Қосымша №1
- 8. Бақылау:**
- Тесттер:**
 - Кумбс реакциясына антиденелер шақырады
 - моноклональды
 - поликлональды
 - қалыпты
 - абзимдер
 - толық емес
 - Тұмандану, содан соң антигеннің антиденемен араласуы нәтижесінде жұмсақ тұнба түзілетін серологиялық реакция

| | |
|--|---|
| <p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> |
| <p>Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология»</p> <p>Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p> | <p>43 беттің 8-ші беті</p> |

- A) бейтараптау
 B) флоккуляция
 C) иммунды ферментті талдау
 D) иммунды флюоресцентті талдау
 E) иммунды диффузия
3. Иммунды кешеннің түзілуі барысында жүзеге асатын реакциядағы жасуша лизисі
- A) флоккуляция
 B) агглютинация
 C) преципитация
 D) иммунды лизис
 E) РСК
4. Антиген-антидене кешені түзілуі барысында жүзеге асатын реакциядағы комплемент байланысы
- A) агглютинация
 B) иммуноабилизация
 C) бейтараптау
 D) преципитация
 E) РСК
5. Иммунды сарысудың сәйкес вируспен араластыру кезінде жүретін реакцияда анықталатын антидене
- A) комплементпен байланысуы
 B) преципитация
 C) агглютинация
 D) вирустың бейтараптануы
 E) иммобилизация
6. Антигендердің бейтараптану реакциясы жүзеге асады
- A) РТГА
 B) РСК
 C) Кунс
 D) РИА
 E) ИФА
7. Корпускулярлық антигендерді байланыстыру және олардың тұнбага түсірілуі келесі реакцияда жүзеге асады
- A) Кунс
 B) бейтараптау
 C) РСК
 D) преципитация
 E) иммунды флюоресценсия
8. Антигенді дисперсті, коллоидты жағдайда тұндыру келесі реакцияда жүзеге асады
- A) препитация
 B) агглютинация
 C) флоккуляция
 D) иммунды лизис
 E) комплементпен байланысуы
9. Антисерумның антиген ерітіндісімен өзара әрекеттесуі келесі реакцияда жүзеге асады
- A) иммунды диффузия
 B) бейтараптау
 C) иммобилизация

| | |
|--|---|
| <p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> |
| <p>Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология»</p> <p>Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p> | <p>43 беттің 9-ші беті</p> |

Д) РСК

Е) иммунды флюоресценция

10. Дифтерия мен скарлатинаға қарыс антитоксикалық иммунитет Шик және Дик реакцияларымен анықталады, бұл реакциялар келесі реакциямен байланысты

А) агглютинация

В) преципитация

С) иммунды лизис

Д) РНГА

Е) бейтараптау

11. Комплементті белсендірудің классикалық жолы жүзеге асады:

А. антидененің қатысуыныз

Б. пропердиннің қатысуы кезінде

С. мембрана шабуылдаушы кешенің түзілуінсіз

Д. антиген-антидене кешенінің түзілуі кезінде

Е. L-трансформанттардың түзілуі кезінде

12. КБР диагностикалау кезінде қолданылады (біреуінен басқасы дұрыс):

А. мерезді

Б. гонореяны

С. риккетсиоздарды

Д. вирусты инфекцияларды

Е. дисбактериозды

13. Жұп сарысулар:

А. бір жұмыртқалы егіздердің сарысулары

Б. түрлі жұмыртқалы егіздердің сарысулары

С. түрлі веналардан алынған сарысулар

Д. бірдеу ауруды диагностикалау кезінде екі зерттелушінің сарысулары

Е. ауру динамикасында алынған бір зерттелушінің сарысулары

14. Серологиялық реакцияларда қолданылатын белгілер (біреуінен басқасы дұрыс):

А. сілтілі фосфатаза

Б. анилинді бояу

С. флюорохромды бояу (флюоресцеин изоционаты)

Д. изотоп

Е. пероксидаза

15. Флюорохромды бояу серологиялық реакцияларда белгі болып табылады:

А. гелде преципитация реакциясы

Б. коагглютинация

С. РИА

Д. ИФР

Е. ИФА

16. Люминесцентті микроскоп нәтижелерді есепке алу үшін қолданылады:

А. ПТР

Б. ИФА

С. ИФР

Д. КБР

Е. ТeГAP

17. ИФА артықшылығы (біреуінен басқасы дұрыс):

А. автоматтандыру мүмкіндігі

Б. арнайылығы

| | |
|--|--|
| ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелі сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 10-ші беті |

- C. визуалды есеп
- D. сезімталдығы
- E. түрлі этиологиялы инфекциялар кезінде қолданылады

№4 сабак

1. Тақырыбы: Ирінді-қабыну және ірінді-септикалық инфекциялардың қоздырғыштары.

2. Мақсаты: Микробиологиялық диагностикалау әдістерін, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерінің ақпараттылығын менгеру, зертханалық зерттеу әдісін таңдау. Страфилококты және стрептококты инфекцияларды микробиологиялық диагностикалау әдістерін менгеру.

3. Оқыту міндеттері: Микробиологиялық зерттеу үшін биологиялық материалды алу және тасымалдау ережелері туралы түсінік беру. Страфилококты және стрептококты инфекцияларды зертханалық зерттеу әдістерін үрету.

4. Тақырыптың негізгі сұраптартары:

1. Зерттеуге арналған материалды алу тәртібі және тасымалдау.
2. Зертханаға жіберілетін материалдардың құжаттарын толтыру.
3. Клинико-диагностикалық, микробиологиялық зерттеу тәсілдері.
4. Микробиологиялық-диагностикалық әдістердің ақпараттылықтары, артықшылықтары мен кемшіліктері.
5. Клинико-диагностикалық, микробиологиялық зерттеу нәтижелерін бағалау.
6. Страфилококтар, морфологиялық және дақылдық қасиеттері.
7. Страфилококтардың биохимиялық белсенділігі мен антигендік қасиеттері.
8. Страфилококтардың патогендік факторлары.
9. Страфилококты инфекциялардың төзімділігі, эпидемиологиясы және иммунитеті.
10. Страфилококтың инфекциялардың зертханалық диагностикасы
11. Страфилококтың инфекциялардың емделуі мен алдын-алу.
12. Стрептококктардың морфологиялық және дақылдық қасиеттері.
13. Стрептококктардың биохимиялық белсенділігі мен антигендік қасиеттері
14. Стрептококктардың патогендік факторлары.
15. Стрептококктардың инфекциялардың төзімділігі, эпидемиологиясы және иммунитеті.
16. Скарлатинозды стрептококктардың биологиялық қасиеті.
17. Стрептококтың инфекциялардың зертханалық диагностикасы.
18. Сепсис кезіндегі микробиологиялық зерттеу.
19. Стрептококтың инфекциялардың емі мен алдын алуы.

5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі түрі/әдістері/технологиялары: постерлік баяндама дайындау және қорғау, зертханалық жұмысты орындау, жұмыс дәптерін толтыру.

6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: чек-парақ бойынша бағалау.

7. Әдебиет:

Қосымша №1

8. Бақылау (сұраптар, тесттер, тапсырмалар және т.б.)

1. Дезинфекциялық затпен өндөлген ыдысқа антимикробтық терапия қабылдаған К деген науқастың жарасынан, микрофлораны анықтау мақсатында 0,5 мл ірің алынды. Ирінді

алудағы тактикалық қателер қандай? Материалды алудағы қателіктер микробиологиялық зерттеулер нәтижесіне қалай әсер етеді?

1. Зертханаға зерттеу үшін пробиркамен қан, несеп құйылған ыдыс және тағы басқа материалдар жеткізілген. Олар науқастың бір күн бұрын алынып, дұрыс жабылмаған биксте және үй температурасында сақталған. Материалды алуда, сақтауда және тасымалдауда қандай қателіктер кеткенін атаңыз?
2. Микробиологиялық зерттеулер үшін клиникалық материалды беті жабылған ыдыста, бірақ бикссіз немесе контейнерсіз алып келген. Материал тасымалдаудан алдын үш күн бұрын алынған. Зерттелетін материалды сақтауда және тасымалдауда қандай қателіктер жіберілген. Зерттеу нәтижесіне бұл қателіктер қалай әсер етеді?
3. Зертханаға жеткізілген клиникалық материал құжатында науқастың фамилиясы, жасы, клиникалық диагнозы, жұмыс орны, мекен-жайы, жазылған. Бұл құжатта қандай мәліметтер жазылмаған? Зерттеу нәтижесіне бұл қателіктер қалай әсер етеді?
4. Қан және сары тұз агарлық қоректік ортага зерттеуге арналған материал (сілеккей және мұрын жұғындысы) егілді. Дақылды бір тәулік бойы 37°C температурада инкубациялады. Келесі күні томпайған, дөнгеленген, алтын түсті, мөлдір емес колония пайда болды, қанды агарда гемолиз зонасы байқалды. *Staphylococcus* түрлерін түпкілікті анықтау үшін 2-3 колониялар көлбебеу қоректік агармен сынақ түтіктеріне ауыстырылды. Бұл дақыл глюкоза мен маннитті анаэробты жағдайда ферменттейді, плазмокоагулаза түзеді, сонымен қатар токсин де түзеді. Страфилококктың қай түрі екенін анықтаңыз.
5. Іріндеген тістен алынған жағындыдағы ірінде микроорганизмдер жүптасып немесе дөнгелек пішінде тізбектеліп орналасқан. Тығыз қоректік ортада ұсақ сұр колония түзеді. Сұйық ортада тұнба береді. Қанды агарда колония айналасы мөлдір гемолиз зонасын түзеді. Оптохинді ортада жақсы өседі (1:100000), бірақ инулинмен және 40% өт ортасында өспейді. Стрептококктың қай түрін жатады.
6. Клиникаға стоматологиялық қатынастан кейін Грам оң коктарымен шақырылатын сеписске күмәнді ауыр халдегі науқас келіп түсті. Бөлінген кокктың түрін және туысын анықтау үшін қандай зерттеулер жүргізу керек?
8. Зерттеу үшін зертханаға пневмониямен ауыратын науқастың қақырығы түсті. Материал іштегі ақ тышқандарға жүктірылды. 10 сағаттан кейін тышқандар қайтыс болды. Ышкі органдардан жүптасып орналасқан кокки, лансолат тәрізді, капсуламен қоршалған, грам-позитивті. Қандай қоздырғыш бөлінеді? Капсулаларды қалай анықтауға болады?

Тесттер:

1. Жасанды қоректік ортага өсіру кезінде капсуласынан айырылатын және S-формадан R-формаға ауысатын ірің тудырушы коктар
 - A) стрептококктар
 - B) пневмококктар
 - C) стафилококктар
 - D) гонококктар
 - E) менингококктар
2. Страфилококктардың вируленттілік қасиеті
 - A) манниттің ферментациясы
 - B) коагулазді белсенделік
 - C) қой эритроциттерінің гемолизі
 - D) катализді белсенделік
3. Қоректік ортада өскенде арнайы жасмин иісі бар ірінді қабынулардың қоздырғышы
 - A) алтын түсті стафилококк

| | |
|---|---|
| <p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> |
| <p>Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология»</p> <p>Тәжірбелі сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p> | <p>43 беттің 12-ші беті</p> |

- В) көкірінді таяқша
 С) гемолитикалық стрептококк
 Д) пневмококк
 Е) энтерококк
4. Қанды агарда гемолиз беретін ірің тудыруышы коктар
 А) менингококктар
 В) стафилококктар
 С) гонококктар
 Д) стрептококктар
 Е) пневмококктар
5. Қатаң арнайы инфекциядан кейінгі иммунитетті тудыратын ірің тудыруышы коктар
 А) менингококктар
 В) стрептококктар
 С) стафилококктар
 Д) гонококктар
 Е) пневмококктар
6. Стафилококктардан туындармайтын ауру
 А) сепсис
 В) остеомиелит
 С) перитонит
 Д) фурункул
 Е) скарлатина
7. Стрептококкты инфекцияларды лабораториялық диагностикалаудың негізгі әдістері
 А) микроскопиялық
 В) серологиялық, биологиялық
 С) аллергиялық
 Д) бактериологиялық, серологиялық
 Е) микроскопиялық, аллергиялық
8. Стрептококктың M-акузызына тән қасиет
 А) инвазивті қасиет
 В) фагоцитозды тежейді
 С) эритроциттерді бұзады
 Д) хемотаксисті тежейді
 Е) антибиотикке сезімталдықты анықтайды
9. Көкірінді таяқшаның протеолитикалық қасиеті
 А) желатинді сұйылтпайды
 В) казеинді гидролиздейді
 С) индол түзеді
 Д) күкіртсүтек түзеді
 Е) лакмус сұтін сінірмейді
10. Пневмококк капсуласы анықталды
 А) жасуша плазмолизі арқылы
 В) грам әдісі бойынша бояумен
 С) капсуланың ісіну құбылысы
 Д) тірі күйдегі микроскопиямен
 Е) Циль-Нильсен әдісі бойынша бояу
11. Капсулалық антиген бойынша 85 сероварға бөлінетін грам-он диплококктар
 А) пневмококктар

| | | |
|--|---|--|
| <p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> | <p>Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелі сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p> |
| <p>43 беттің 13-ші беті</p> | | |

- B) стрептококктар
- C) стафилококктар
- D) гонококктар
- E) менингококктар

№5 сабак

- 1. Тақырыбы: Анаэробты инфекция қоздырғыштары.**
- 2. Мақсаты:** Клостридиялардың (газды гангрена, сіреспе, ботулизм) микробиологиялық диагностикасын менгеру.
- 3. Оқыту міндеттері:** Газды гангрены, сіреспені, ботулизмді зертханалық диагностикалау әдістерін үйрету.

- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Клостридиялардың жалпы сипатитамасы.
2. Сіреспе қоздырғышының морфологиясы мен дақылдық қасиеті.
3. Сіреспе қоздырғышының антигендік құрылымы мен биохимиялық қасиеті
4. Сіреспенің төзімділігі мен эпидемиологиясы.
5. Сіреспе қоздырғышының потогендік факторлары.
6. Сіреспенің потогенезі, клиникасы және иммунитетінің ерекшеліктері.
7. Сіреспенің микробиологиялық реакциясы.
8. Сіреспе емі және арнайы алдын-алу жолдары.
9. Газды гангренаны шақыратын клостридиялардың морфологиясы және дақылдық қасиеті.
10. Газды гангрена қоздырғышының биохимиялық қасиеті мен антигендік құрылымы.
11. Газды гангрена қоздырғышының потогендік факторлары.
12. Газды гангрена потогенезі, клиникасы мен иммунитетінің ерекшеліктері.
13. Газды гангренаның зертханалық диагностикасы.
14. Газды гангренаны емдеу және алдын-алу.
15. Ботулизм қоздырғышының морфологиясы мен дақылдық қасиеті.
16. Ботулизм қоздырғышының биохимиялық қасиеті мен антигендік құрылымы.
17. Ботулизм төзімділігі мен эпидемиологиясы.
18. Ботулизм қоздырғышының потогендік факторлары.
19. Ботулизм потогенезі, клиникасы мен иммунитетінің ерекшеліктері.
20. Ботулизмнің микробиологиялық диагностикасы.
21. Ботулизмді емдеу және алдын-алу.

- 5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдайлық есептерді шешу, жұмыс дәптерін толтыру.

- 6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері:** чек-парақ бойынша бағалау.

- 7. Әдебиет:**

Қосымша №1

7. Бақылау

Есептер

1. Ауруханаға автокөлік қақтығысЫнан М атты жарақаттанушы келді. Жамбас аумағынан сырылған жарақаты бар, топырақпен ластанған және киімі жыртылған. Жарақаттанушы ауруханаға оқиға орнынан бірнеше сағаттан кейін жеткізілген, сондықтан хирургиялық көмек өз уақытынан кеш көрсетілген. Көмек көрсетілгенімен екі күннен кейін, жарақатта

| | |
|--|--|
| ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелі сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 14-ші беті |

обильді газ түзілді, ісік және некроз, ауыр интоксикациямен. Ауруды емдеу үшін жедел қандай емшараларды жүргізу керек? Науқасқа алғашқы көмек көрсеткенде қандай қателіктер жіберілді. Ісіктен және некроздаған тіндерден жұғынды дайындалды және Грамм әдісімен боялды. Микроскопия әдісінен көрінді: ірі грамон, капсула түзуші таяқшалар, зерттелетін материал Китта-Тароцци, Вильсона-Блер қоректік ортасы және сүттің көмегімен зерттелді, пробирка 80°C , 30 минут қыздырылды, спора түзбейтін бактерияларды жою мақсатында. Жағындыдағы дақылдан ірі грам оң коккты таяқшалар табылды. Бұл ауру қоздырғышын нақты анықтауға жеткілікті ме? Алынған дақылдың токсигенділігі немен анықталынады? Осы келтірілген зертханалық мәліметтермен газды гангренаның алдын алу және емдеу үшін қандай препараттар ұсынған болар едініз? Биологиялық препараттар тағайындау барысында қандай жағдайларға назар аудару керек, және қандай кері әсерлері туралы мәлімдеме беру қажет?

2. Хирургиялық бөлімшеге жарақатпен(тіннің ыдырауымен жыртылған жара) ауру адам келіп түсті. Анаэробты инфекцияның алдын алу үшін науқасқа қандай препараттар қажет?
3. Консервіленген ет тағамдарын пайдаланғаннан кейін келесі күні К. науқаста ішінің ауруы, жүрек айнуы, бас ауыру байкалды. Науқасқа қандай көмек көрсету қажет? Зерттеуге қандай материал алынуы керек? Нақты диагнозын қойыңыз.

Тесттер:

1. Азық-түлік өнімдерін пайдалану кезінде туындастын, ОЖЖ-нің зақымдануының ауыр интексикациясымен сипатталатын жүқпалы ауру
 - A) сіреспе
 - B) ботулизм
 - C) менингит
 - D) гонорея
 - E) газды гангрена
2. Теннисті ракетка пішінді, субтерминалды орналасқан спора түзетін, ұштары тұйықталған Грамм оң коктар ... қоздырғыштары болып табылады
 - A) газды гангрена
 - B) сіреспе
 - C) ботулизм
 - D) менингит
 - E) скарлатина
3. Тығыз ортада мөлдір немесе беті қатты сұрғылт колония түзетін, біртекті экзотоксин синтездейтін клостридиялар ... қоздырғыштары
 - A) менингит
 - B) ботулизм
 - C) газды гангрена
 - D) сіреспе
 - E) скарлатина
4. Тетанолизиннен және тетаноспазминнен тұратын, экзотоксинді синтездейтін клостридиялар ... қоздырғыштары
 - A) менингит
 - B) ботулизм
 - C) газды гангрена
 - D) скарлатина
 - E) сіреспе
5. Жарақатты жүқпаларда жоғары летальды, споралы ауру түрінің клостридиялары
 - A) газды гангрена

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 15-ші беті |

В)ботулизм

С)сіреспе

Д)менингит

Е)скарлатина

6. Инфекциядан кейінгі иммунитеті ұзақ және тұрақты болатын ірінді-қабынулы ауру

А) сіреспе

В) тамақ улану

С) сепсис

Д) остеомиелит

Е) гонорея

7. Газды гангренаны тудыратын қоздырғыштар

А)C. botulinum, C. novyi

Б)C. Novyi, C. sordellii

С)C. Septicum, C. tetani

Д) C. Sordellii, C. botulinum

Е) C. tetani, C. Septicum

8. C. botulinum тоxсиндеріндегісерологиялықтұрсаны

А) 6

Б) 10

С) 8

Д) 5

Е) 4

9. Споралары терминалды орналасатын қоздырғыш

А) C. tetani

Б) C. Novyi

С) C. Septicum

Д) C. sordellii

Е) C. botulinum

10. Ферменттер (коллагеноза, гиалуронидаза, дезоксорибонуклеаза) бөлетін, токсиннің әр түрі үшін аранайы қайталанатын, субтерминалды орналасқан споралары бар бактериялар ... қоздырғыштары болып табылады

А)скарлатина

В) ботулизм

С) сіреспе

Д) менингит

Е) газды гангrena

№6 сабак

1. Тақырыбы: Ішек инфекция қоздырғыштары.

2. Мақсаты: Эшерихиоздардың, дизентериялардың, сальмонеллездердің іш сүзегінің, паратифтердің микробиологиялық диагностикасын меңгеру.

3. Оқыту міндеттері: Эшерихиоздардың, дизентериялардың, сальмонеллездердің, іш сүзегінің, паратифтердің зертханалық диагностикалау әдістерін үйрету.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Enterobacteriaceae әuletінің жалпы сипаттамасы.

2. Ішек таяқшасының морфологиялық дақылдық қасиеттері.

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 16-ші беті |

3. Ішек таяқшасының биохимиялық қасиеттері, антигендік құрылымы.
4. Диареягендік ішек таяқшасының (*E. coli*) патогендік факторлары.
5. Диареягендік ішек таяқшасының (*E. coli*) дәрежелері.
6. Эшерихиоз иммунитетінің ерекшеліктері.
7. Эшерихиоздың микробиологиялық диагностикасы.
8. Эшерихиоздың емі мен алдын-алу.
9. Шигеллалардың морфологиясы, дақылдық қасиеттері.
10. Шигеллалардың биохимиялық қасиеттері мен антигендік құрылымы.
11. Шигеллалардың резистенттілігі мен эпидемиологиясы, патогендік факторлары.
12. Шигеллалардың патогенділік факторлары.
13. Дизентерия патогенезі мен клиникасы, иммунитеті.
14. Дизентерияның микробиологиялық диагностикасы.
15. Дизентерияның емі, алдын-алу.
16. Сальмонелла туысына жалпы сипаттама. Жіктелуі.
17. Іш сүзегі мен паратиф қоздырғышының морфологиялық, дақылдық белгілері.
18. Іш сүзегі мен паратиф қоздырғышының биохимиялық қасиеттері және антигендік құрылымы.
19. Іш сүзегі және паратиф қоздырғыштарының резистенттілігі, эпидемиологиясы.
20. Іш сүзегі және паратиф қоздырғыштарының патогендік факторлары.
21. Тиф-паратиф ауруының иммунитет ерекшеліктері және патогенезі.
22. Тиф-паратиф ауруының микробиологиялық диагностикасы.
23. Тиф-паратиф ауруының емі және алдын-алу.
24. Сальмонеллездардың патогенезінің ерекшеліктері және иммунитеті.
25. Сальмонеллездардың диагностикасы, емдеуі мен алдын алуы.

5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі түрі/әдістері/технологиялары:

постерлік баяндама дайындау және қорғау, зертханалық жұмысты орындау, жұмыс дәптерін толтыру.

6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: чек-парақ бойынша бағалау.

7. Әдебиет:

Қосынша№1

8. Бақылау:

Есептер

1. Эндо ортасындағы қызыл колониядан О 55+ О26+О3 комплекстік сарысуымен аглютинация реакциясын беретін микроб дақылы бөлінген. Қандай ауру туралы айтылып жатыр.
2. Дезинтерияның клиникалық көрінісіне сәкес келетін ОКИ жарығы балалар үжымында байқалады. Уақыт бойынша ауру жұмысқа жаңа күтүшінің келуімен байланысты.
 - 1) Аурудың орын алудың байланысты қандай микробиологиялық зерттеулер жүргізу қажет?
 - 2) Бактериологиялық зерттеуге кімді жіберу қажет?
3. Рессель ортасында глюкозаның қышқыл мен газға дейін ыдырауы барысында, күкіртсүтегі түзілді. Ортаның қандай түрі, және қандай микроб мұндай қасиетке ие?
4. ВИДАЛ реакциясы сарысудағы сұйылту кезінде «С» тифусының диагнозымен он болады 1: 200, «А» диагнозымен 1: 100. Дәлелді диагнозыныз.

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 17-ші беті |

5. Балмұздақпен қоректену барысында клиникалық курс көрсетілімінің кең ауқымымен сипатталатын ішек инфекциясының ошағы пайда болды. Балмұздақтың құрамын зертханалық зерттеу мен науқастан алынған материалды зерттеу барысында: грамм-теріс, қозғалмалы, капсула түзбейді, таяқша анықталады. Дақылдаудың қолайлы температурасы 20-260С қа дейін. Бактерияны идентификациялау нәтижесінде сарбозаны, инозидті ферменттейтіні, уреазаны белсендерлікке ие екендігі, мочевинаны ыдырататыны, орнитин аминқышқылын декорбоксилдейтіні анықталды. Берілген дақылдың таксономиялық тиесілілігін анықтаңдар. Клиникалық диагнозының зертханалық мәліметтермен қоса дәлелдендер. ЖКИ ошағын (вспышка) локализациялау және ликвидизациялау үшін өз нұсқаулықты беріңіз.
6. Жаз мезгілінде қалада диарея синдромы бар тамақ улы-инфекциясының түрі бойынша аурулар байқалды, оның себептері тоңазытқышта сақталған тағам және сүт өнімдері болды. Зертханада ауру адамдардан және тағам өнімдерінен алынған материалдар тығыз қоректік ортада антибиотиктермен (полимиксин В және линкомицин) анаэробты дақылдандырылды, нәтижесінде грамтеріс, 1-2 бұралған спирал тәрізді, жұқа, қозғалатын, капсула түзбейтін таяқшалар бөлінді. Ферменттавті қасиеттері: көмірсулады ыдыратпайды, оксидазасы бар және каталазаға активті, желатинді сұйылтпайды, зәрді ыдыратпайды. Бөлінген дақылдың түрлік және туыстық қатынасын анықтаңыз. Аурудың пайда болу себебін түсіндіріңіз.

Тесттер:

- Тырысқақ тәрізді диарея түрімен өтетін ауру тудыратын ішек таяқшасының категориясы
 - A) энтеротоксигенді
 - B) энтероинвазивті
 - C) энтеропатогенді
 - D) энтерогеморракты
 - E) энteroадгезивті
- Эндо ортада таңқурай түсті металды жылтыр колония түрінде өсетін бактерия
 - A) иерсиния
 - B) сальмонелла
 - C) шигелла
 - D) кампилобактер
 - E) ішек таяқшасы
- Маннитті ферменттемейтін шигелла
 - A) Боуди шигелласы
 - B) Зонне шигелласы
 - C) Флекснера шигелласы
 - D) дизентерия шигелласы
- Бактерия ксилоза мен арабинозаны ферменттеу қасиетіне байланысты 4 биохимиялық түрге бөлінеді
 - A) дизентериялық таяқша
 - B) паратифозды таяқша
 - C) ішек таяқшасы
 - D) іш сүзегі таяқшасы
 - E) тырысқақ вибрионы
- Вируленттік антигені деп атаған беттік антигені бар бактерия

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 18-ші беті |

- A) ішек таяқшасы
 B) паратифозды таяқша
 C) іш сүзегі таяқшасы
 D) дизентериялық таяқша
 E) тырысқақ вибрионы
6. Н-антигендердің екі типіне I-фаза және II-фазаға ие бактерия
- A) шигеллалар
 B) эшерихиялар
 C) сальмонеллалар
 D) иерсиниялар
 E) кампилобактерлер
7. 2200-ден астам сероварианттарды санайтын энтеробактериялар тұқымдастының туысы
- A) эшерихиялар
 B) сальмонеллалар
 C) шигеллалар
 D) иерсиниялар
 E) кампилобактерлер
8. Микроорганизмдермен инфекцияланған тағамды пайдалану кезінде туындастын, су-тұз алмасуының бұзылуымен және гастроэнтеритпен сипатталатын ауру
- A) ботулизм
 B) тағамдық токсикоинфекция
 C) сіреспе
 D) газды гангрена
 E) тағамдық интоксикация
9. Тек бактерия токсиндері бар тағамды пайдалану нәтижесінде туындастын өткір гастроэнтерит
- A) сіреспе
 B) ботулизм
 C) тағамдық интоксикация
 D) газды гангрена
 E) тағамдық токсикоинфекция
10. Тек іш сүзегі және кейбір басқа энтеробактерияларда кездеседі
- A) Vi-антigen
 B) S-антigen
 C) қорғаушы антиген
 D) Н-антigen
 E) К-антigen

№7 сабак

- Тақырыбы: Ауа-тамшы инфекция қоздырыштары.**
- Мақсаты:** Туберкулез, менингококты инфекция, дифтерия және көкжөтелдің микробиологиялық диагностикасын менгеру.
- Оқыту міндеттері:** Туберкулез, менингококты инфекция, дифтерия және көкжөтелдің зертханалық диагностикалау әдістерін үйрету.
- Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 - Микобактериялардың заманауи класификациясы.
 - Туберкулездің морфологиясы және тинкториялдық қасиеті.

| | | |
|--|---|-----------------------------|
| <p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> | <p>43 беттің 19-ші беті</p> |
| <p>Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология»</p> <p>Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p> | | |

3. Туберкулез бактерияларын дақылдау әдістері.
4. Туберкулез микобактерияларының биохимиялық қасиеті және антигендік құрылымы.
5. Туберкулез микобактерияларының төзімділігі және эпидемиологиясы.
6. Туберкулез қоздырғышының патогендік факторлары.
7. Туберкулез патогенезінің ерекшеліктері.
8. Туберкулез кезіндегі иммунитеттің ерекшеліктері.
9. Туберкулез микобактерияларының бактериоскопиялық диагностикасының ерекшеліктері.
10. Материалдарды микроскоптау кезінде құнарту не болмаса флотация әдістері немен тұжырымдалады.
11. Туберкулездегі бактерологиялық зерттеу әдісінің ерекшеліктері.
12. Туберкулездің жедел бактериологиялық зерттеу (Прайс әдісі) әдісіне сипаттама берініз.
13. Туберкулездің идентификациясы және диференцияциясы үшін қолданылатын белгілері.
14. Туберкулезде қолданатын аллергиялық сынамалар, олардың механизмдері және қойылу техникасы.
15. Туберкулинді қалай алады және не үшін қолданады, РРД дегеніміз не, оның Кохтың туберкулинінен айырмашылығы.
16. Қазақстанда туберкулездің белсенді жоспарлары алдын-алу үшін қандай вакцинаны қолданады.
17. Туберкулездің емделуінде қандай антибиотиктер мен химиотерапиялық препараттарды қолданады. Олардың әсер-ету механизмін түсіндіріңіз. ДСҰ ұсынған химиотерапияның ерекшеліктері.
18. Туберкулезді микобактерияның туберкулезге қарсы препараттарға сезімталдығын қалай анықтайтының. Туберкулез қоздырғышының мультирезистенттілік мәселесі.
19. Менингококктардың морфологиялық және дақылдық қасиеттері.
20. Менингококктардың биохимиялық қасиеттері және антигендік құрылымы.
21. Менингококктардың резистенттілігі және эпидемиологиясы.
22. Менингококктардың патогендік факторлары.
23. Менингококк инфекцияларының патогенезі мен иммунитет клиникасының ерекшеліктері.
24. Менингококк инфекциясы кезінде патологиялық материал алу және бактериоскопиялық зерттеу.
25. Менингит кезіндегі бактериологиялық зерттеу.
26. Менингит кезінде серологиялық зерттеу.
27. Менингококк инфекциясы кезіндегі спецификалық профилактика және емдеу.
28. Диfterия қоздырғышының морфологиясы және дақылдық қасиеттері.
29. Коринебактериялардың биохимиялық белсенділігі және антигендік құрылымы.
30. Диfterияның резистенттілігі және эпидемиологиясы.
31. Диfterия қоздырғышының патогенділік факторлары.
32. Патогенез бел клиниканың ерекшеліктері, диfterиядағы инфекциядан кейінгі иммунитет және оны бағалау әдістері.
33. Диfterияда микробиологиялық зерттеу қалай жүргізіледі?
34. Диfterия бактерияларының уыттылығы қалай анықталады.
35. Диfterияны емдеу және алдын-алу.
36. Көкжөтел мен паракоклюш қоздырғыштарының морфологиясы және дақылдық белгілері.
37. Бордетеллалардың биохимиялық белсенділігі және антигендік құрылымы.

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 20-ші беті |

38. Бордепеллалардың төзімділігі және эпидемиологиясы.

39. Көкжөтел мен паракоклюштың патогенезі, клиникасы және иммунитеті.

40. Көкжөтелдің микробиологиялық диагностикасы.

41. Көкжөтел мен паракокжөтелді емдеу және алдын-алу.

5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: постерлік баяндама дайындау және қорғау, зертханалық жұмысты орындау, жұмыс дәптерін толтыру.

6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: чек-парап бойынша бағалау.

7. Әдебиет:

Қосымша №1

8. Бақылау :

Есептер

1. Ауруханаға 40 жасар науқас келді. Оның шағымы: әлсіздік, ентікпе қақырықты жөтел, терлегіш 37-38°C. Ауру 3 айға созылуда, 2 ай бұрын қамаудан шықкан. Объективті көрініс, тәбеті нашар, акроцианоз, тахикардия. Оң өкпенің жоғарғы жағынан ылғи да ысқырық, флюорограммада сол жері қарайған. Алғашқы диагноз: оң өкпенің туберкулезі. Ауру тубдиспансерге жіберілді. Ауру қақырығынан алынған жұғынды Циль-Нильсен әдісі мен бояғанда микроскопияда қышқылға тұрақты таяқшалар табылмаған. Бұл нені білдіреді? Флотация тәсілінің көмегімен алынған жұғындыны Циль-Нильсен бойынша бояғанда, жінішке әлсіз, бүгілген қызыл таяқшалар табылды. Қандай қорытындыға келдіңіз? Бактериоскопиялық тәсілдің диагностикалық қабілетін қалай жоғарылатуға болады?

2. Ауруға туберкулинмен тері-аллергиялық байқау жүргізіледі. 48 сағат өткен соң, диаметрі 5 см-ге жететін гиперемия пайда болады. Диаметрі 12 см папула және лимфантиттің көрінісі байқалды, өткізілген байқаудың нәтижесі бағаланды. Қақырықты Левеншtein ортасына екенде, 37°C инкубациялау нәтижесінде 20 күннен кейін сұр колониялар пайда болады. Осы колониялардан алынған жұғындыларды Циль-Нильсен тәсілімен бояғанда шоғырланып немесе жалғыз орналасқан, құрамында қара дәні бар қызыл тұсті таяқшалар табылды. Бөлінген дақыл ЕПА-да және 22 °C-да жұмыртқалы ортада өспеді, пигмент түзбеді, каталазды, уреазды және нитрат редуктауды активтілік көрсетпеді. Қоздырғышты идентификациялау үшін осы тесттер жеткілікті ме? Туберкулездің жылдам диагностикасын қалай жүргізуге болады? Туберкулез ауруының арнайы алдын-алу және емдеу препараттарын атандыз.

3. Мектепте БЦЖ қайта вакциналау (ревакцинация) алдында терійшілік Манту сынамасы жүргізілген. Балалардың бірінде Манту сынамасы күрт оң болған. Оған ревакцинация жүргізіледі ме?

4. Ауруханаға мынадай клиникалық симптомдармен науқас тұсті: T-39°C, қатты басы ауырады, қимылында мазасыздық байқалады. Аурудың алғашқы күнінен бірнеше қайтара құсқан. Жалпы гиперестезия (жарыққа, қатты дауысқа жоғары қозғыштық) байқалады. Аурудың 2-ші күнінде желке бұлшықетінің тартылуы болды. Менингококктық менингит деген болжамдық диагноз қойылды. Зерттеу материалы ретінде ликвор, мұрын мен ауыздан жұғынды, қан алынды. Жұлын сұйықтығынан жұғынды жасап, микроскоппен қарағанда лейкоциттердің ішінде орналасқан диплококтарды көреміз. Материалды алған соң тез арада, этиотроптық терапиядан бұрын антибиотикотерапияны бастаған.

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 21-ші беті |

1. Бұл дұрыс па?
2. Мұнда микробтың қандай қасиеті ескерілуі керек?

5. Зерттелетін материалды сарысуы бар қоректік агарға еккен, 37°C-та 48 сағат инкубациялағаннан кейін, өлшемі түйрегіштің басындан, түссіз, көкшіл дақтары бар және шеттері тегіс колониялар өсіп шықты. Типтік колонияларды қиғаш агари бар пробиркаларға, таза дақыл алу үшін егеді. Дақыл көмірсулардың ішінен глюкоза мен мальтозаны қышқылға дейін тотықсыздандырады. Дақылдың қасиеттеріне орай N. Meningitidis идентификацияланып алынды. Аурудың қандай сатыларында, қандай зерттеулер қолданылады? Сарысуы бар қоректік ортаға тағы да нені қосуға болады? Менингиттің емін және алдын-алу шараларын қалай жүргізеді?
3. Бұл қорытынды негізді ме?
4. Қандай зерттеу және қандай кезеңде жүргізу қажет?
5. Сарысуы бар қоректік ортасына нені қосу керек?
6. Менингит патогендерін қандай микроорганизмдерден ажыратуға тұра келеді?
7. Экспресс-диагностиканы қалай жүргізеді?
8. Пациенттерді серологиялық тексеру барысында диагнозды растау үшін қандай реакция қолданылады?
9. Менингиттің алдын-алу мен емдеу қалай жүргізіледі?

6. Жұқпалы аурулар ауруханасына 39°C температурада және жалпы интоксикацияның айқын белгілері (әлсіздік, адинация, бас ауруы, қалтырау) бар бала келді. Жұтқыншақта диффузды гиперемия және ісіну байқалады, Бадамша бездердің беті сұрғылт қалың жабындысымен жабылған. Жүрек тондары түйік, тахикардия. Барлық мойын лимфа түйіндері ұлғайған. Дифтерияға алдын-ала диагноз қойылды. Клиникалық диагнозды растау үшін зерттелетін материалға микроскопия жасалды (жұтқыншақ, мұрын-жұтқыншақ шырыштары Грам, Нейссер және Леффлер бойынша боялған). Таза дақылды бөліп алу үшін Клауберг ұйыған сарысуына себу де жүргізілді. Микроскопия теріс нәтиже берді. Бұдан қандай қорытынды жасауға болады? Ұйыған сарысу ортасы тығыздалған шағын колониялар өсті. Клауберг ортасында сұр-қара түсті, радиалды сызық пайда болды. Содан кейін таза дақылды оқшаулау үшін ұйыған сарысуға қайта себілді. Нәкты жауап алу үшін не істеу керек? C. diphtheriae қандай биологиялық қасиеттері оны үқсас коринебактериялардан ерекшелендіреді? Зертханалық зерттеулерге негізделген диагнозға негізделген емдеу тактикасы қандай? Дифтерияның алдын алу қалай жүзеге асырылады?

7. 4 жастағы балада мұрынның ағуы, әлсіздік, төмен температура, құрғақ жөтел бар. Шамамен 10 күн ауырды. Соңғы 2 күнде спазматикалық жөтелдің өткір үстамалары пайда болды. Болжамды диагноз қойылды: көкжөтел.
 «Жөтел пластинкасы» әдісмен құрамында пенициillinі бар қанды картоп-глицерин агарына себілген. З күннен кейін 37°C температурада орта бетінде өте кішкентай жылтыр, дөнес және ылғалды, гемолиз аймағы аз, сынап тамшылары сияқты сұр колониялар пайда болды. Микроскопиялық түрде овоидты грам-теріс таяқшалар осы колониялардың жағындыларында кездеседі. Колония материалы көкжөтел сарысуымен агглютинацияның он реакциясын берді. Бұл деректер түпкілікті жауап беру үшін жеткілікті ме? Спецификалық дақылдарды анықтау үшін тағы қандай сынақтар жүргізу керек? Қандай жағдайларда серодиагностика қолданылады? Көкжөтелдің нақты алдын-алу және емдеуге арналған препараторды атаңыз.

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 22-ші беті |

Тесттер:

1. Туберкулез қоздырғышының қасиеті
 - A) грамтеріс
 - B) қозғалмайды
 - C) капсула түзеді
 - D) спора түзеді
 - E) анаэроб
2. Туберкулез қоздырығышының патогенділігінің басты факторы
 - A) фтиоидті қышқыл
 - B) туберкулин
 - C) улы гликолипид
 - D) микол қышқылы
 - E) туберкулосторлық қышқыл
3. Туберкулез таяқшасын бояу әдісі
 - A) Романовский-Гимзе
 - B) Нейссер
 - C) Циль-Нельсен
 - D) Бурри-Гинс
 - E) Здродовский
4. Аздап иілген, оңтайлы ниацин тестін беретін Грам оң ұзын таяқшалар
 - A) туберкулез
 - B) пневмония
 - C) көкжөтел
 - D) күл ауруы (дифтерия)
 - E) жәншәу (скарлатина)
5. Прайс әдісі бойынша егістіктерде микроорганизмдерді табудың жеделдетілген әдісін қолданатын ауру
 - A) жәншәу (скарлатина)
 - B) туберкулез
 - C) күл ауруы (дифтерия)
 - D) актиномикоз
 - E) көкжөтел
6. Емдеу үшін пиразинамид, этамбутол, изониазил, стрептомицин, рифампицин және т.б. препараттарды қолданатын ауру
 - A) пневмония
 - B) скарлатина
 - C) дифтерия
 - D) туберкулез
 - E) көк жөтел
7. Менингтің қабынуын тудыратын кофе дэндері тәрізді грам-теріс ірінді диплококктар
 - A) стафилококктар
 - B) стрептококктар
 - C) менингококктар
 - D) пневмококктар
 - E) гонококктар
8. Қоршаған ортаға төзімділігі төмен, тасымалдаушы адамның назофаринстің шырышты қабығында өсетін диплококктар

A) менингококктар

B) пневмококктар

C) стрептококктар

D) протей

E) стафилококктар

9. Сарысу ағарының бетінде тұтқыр консистенцияның нәзік түссіз колонияларын құрайтын грам-теріс коккалар

A) пневмококктар

B) стрептококктар

C) стафилококктар

D) менингококктар

E) гонококктар

10. Мидың жұлын сұйықтығын антигендердің болуына зерттеу жүргізілетін инфекциялық ауру

A) гонорея

B) қызылиек қабынуы

C) скарлатина

D) пневмония

E) менингококты инфекция

11. Көмірсулармен, қанмен, сарысумен, асциттік сұйықтықпен байытылған ортада ғана өсетін ірінді коккалар

A) менингококктар

B) гонококки

C) стрептококктар

D) стафилококктар

E) Пептококктар

12. Дифтерия қоздырғышының өсірген кезде бактериялардың басқа түрлерінің өсуін басу үшін ортаға қосылатын зат

A) натрий хлориді

B) калий теллуриті

C) пенициллин

D) Гауhar жасыл

E) натрий сульфаты

13. Көкжөтел қоздырғышының патогенділігінің негізгі факторы

A) термолабильді экзотоксин

B) капсула

C) гиалуронидаза

D) лецитиназа

E) плазмокоагулаза

14. АКДС вакцинасы алдын-алу үшін қолданылады

A) дифтерия

B) қызылша

C) туляремия

D) дизентерия

E) іш сүзегі

15. Табу үшін токсигенности дифтерийных бактериялар пайдаланады мынадай тәсілдері, сонымен

A) биологиялық сынамалар

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Кафедра «Микробиология, вирусология және паразитология» Тәжірбелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 43 беттің 24-ші беті |

- B) тауық эмбриондарын жүктыру
C) жасуша культураларын жүктыру
D) иммуноблотинг
E) ДНҚ зонд әдісі
16. Дифтерия коринебактериясындағы цистиназаны анықтау үшін қойылатын сынама
A) Дик
B) Шик
C) Закс
D) Пизу
E) Бюрне
